

¹Нарзуллаева С.Б., ²Eftal Şükrü Batmaz

¹магистр, оқытушы Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі
Балқаш, Қазақстан

²PhD, доктор. Анкара университеті. Анкара, Түркия
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХИ МҰРА - ЭКВИУС ҚАЛАСЫ

Автор - корреспондент: sarvirux@bk.ru

Түйін: Қазақстан тарихында зерттелуді талап ететін өзекті мәселелер өте көп. Тарихымыздың ашылмаған беттері мен зерттелмеген тұлғалар мен тарихи орындары қанша. Қазақстан жері тарихи мұра мен тарихи орындарға толы. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті - Елбасының «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел», «Мәдени мұра» бағдарламаларының барлығы осы тарихымызды толықтыру мақсатында жасалған.

Қазақстан тарихында тарих кітаптарында мәліметтер өте аз, тіпті кейбір тарих оқулықтарында айтылматын тұлғалар мен тарихи қалаларымыз бар. Солардың бірі Эквиус қаласы. Эквиус қаласы - тарихи мұра, ортағасырлық дамыған қалалардың бірі. Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты- Эквиус қаласының қалыптасуы мен даму тарихін талдау және Эквиус қаласы туралы құнды деректерді жазу. Қазіргі таңда біз зерттеу барысында ортағасырлық ғалымдардың мәліметтеріне сүйенеміз. Осы тұрғыда Эквиус қаласын зерттеу барысында К.Байпақов, Б. Бартольд, А.Н.Бернштам өз деректерінде М.Қашқаридің, В.Рубруктің күнделіктерінде келтірілген деректерге талдау жасайды. Сонымен қатар Эквиус қаласы туралы Қытай еңбектерінде де құнды деректер келтірілген. Қытай мәліметтерінде Эквиус қаласы «Или-балық» деп аталған.

Кілт сөздер: Эквиус, «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра», «Мәңгілік ел», Или – балик, Екі – Оғыз, Дунгановка селосы.

Кіріспе. Ортағасырлық қалалардың бірі - Эквиус қаласы туралы қазіргі таңда құнды мәліметтер беретін деректер Вилгельм Рубруктің, К.Байпақовтың, Бартольдің еңбектері. Қала өмірі, халқы саны, халықының салт- дәстүрі, саяси және экономикалық жағдайы туралы деректер кейбір ғалымдардың еңбектерінде ғана кездеседі. Ғалымдардың күнделіктерінде келтірілген деректер арқылы Эквиус қаласының қалыптасу мен орналасу аймағын және өмір сүрген кезеңін анықтай аламыз. Эквиус қаласы қытай еңбектерінде «Или - балық» деп аталады. Сонымен қатар қытай дерекерінен, ортағасыр қытай саяхатшылары және қытай жылнамаларынан тағы да көптеген деректер алуымыз мүмкін. Өйткені К.Байпақов, Б. Бартольд, А.Н.Бернштам қытай деректерін тыңғылықты зерттеді деп айта алмаймыз. Сонымен қатар Орта Азия жеріне ортағасырда еуропалық саяхатты және зерттеушілердің келгенін де ескергеніміз жөн. Эквиус қаласы әлі де толық және тыңғылықты зерттеуді талап етеді. Кейбір деректерде Екі - Оғыз қаласы деп келтірілген. Археологиялық деректердің көрсеткен мәліметтері бойынша Екі - Оғыз қаласы Қапал маңында орналасқан.

Көксу аудандарындағы Эквиус, Мұсабек қалашықтары, Кербұлақ ауданындағы Қарамерген секілді қалашықтарына тереңірек зерттеу жұмыстары жүргізілетін болса, көптеген тарих мұра етіп қалдырған зергерлік өнердің, метал өңдеу кәсібі, сонымен қатар қыш құмыра жасаумен ұсталық өнердің бұл қалаларда дамығандығын дәлелдейтін және даму дәрежесінің деңгейін көрсететін көптеген артефакт құндылықтар табылады [1,4 б.]. Тарих үшін маңызды болға

н деректерді біліп қана қоймай, оны жас ұрпаққа жеткізу үшін тарихымызға көбірек назар салуымыз керек. Егер осы деректер негізінде тарихи құжаттарға талдау жасау, немесе археологиялық экспедиция ұйымдастырылып, қазба жұмыстары жүргізу арқылы, мүмкін жаңа тарихи оқиғалардан сыр шертетін артефактілер табылары анық.

Кейбір зерттеуші ғалымдардың пікірінше сол қалалардың бірі болып саналатын қазіргі Дунгановка селосы орнында болған Екі-Оғыз қаласы - Ғұн тайпаларының негізгі орындарының бірі болған [2, 52б.]. Бұл қала ғұн кезеңінде қалыптасқан қала болса,

тарихи үлкен және дамыған қала болғаны.

Эквус қаласының орнын анықтау мақсатында негізгі деректердің бірін келтірейік: «Талхиз жерінен Ұлы Жібек жолы бөлінген... Солтүсік жол Талхизден басталып, Талғар өзенінен жалғасын тауып, Іле өзеніндегі өткелге дейін жеткен. Бұл көрсетілген өткел Қапшағай жерінде орналасқан. Әрі қарай жолдың барысы Шеңгелдіге барып, Алтынемел асуынан өтіп, Көксу аңғарынан түскен жерде орналасқан Дунгановка ауылының орнындағы Екі-Оғыз қаласына дейін жеткен. Дәл сол аймақта Іле алқабындағы үлкен қаланың орны табылды. В. Рубруктің күнделігінде жазылған мәліметтерінде бұл қала «Эквиус» деп аталды және қалада «сарациндер» тұрғандығын жазады. Моңғол ханы Мөңкеге жіберген ІХ Людовиктің елшісі монах В. Рубрук: қаланың ерекше базарларымен даңқты болғанын және ол қалада мұсылман халықтардан басқа христиандар өмір сүргені туралы және олардың өз шіркеулері болғандығын жазады [3, 497-498 бб.]. Өз ішінде даңқты базар қалыптасқан қала кішігірім елді мекен болуы мүмкін емес және ауыл дәрежесінде немесе қалашықта үлкен шіркеулердің құрылмайтынын ескерсек Эквус қаласының ортағасырлық өркендеген қалалардың бірі болған деп көрсете аламыз.

Теориялық талдау. Теориялық талдау барысында Эквус қаласы туралы алғашқы жазылған деректердің бірі М.Қашқаридің мәліметтерін келтірейік. ХІ ғасырда жазылған еңбектерінде М. Қашқари Екі-Оғыз қаласының картасын келтірген [4, 328б.].

М.Қашқаридің атақты шығармаларының бірі - «Диуани лұғат ат-түркде» кездесетін Эквус (Екі- Оғыз) қала көптеген зерттеуші - ғалымдардың пікірінше Көксу өзені жағасында бой көтерген Балпық би ауылының аймағындағы Дүнгене қалашығы болуы мүмкін. Көрсеткіш бойынша қала солтүстік-шығысқа қарай 675 м, оңтүстік-шығыс қарай 565 м. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ол қаланың орнынан VII-IX ғасырларға тән елді-мекен болғаны және қала халқының негізгі шаруашылығы ауыл шаруашылығы болғаны анықталды.

Қаланың қарапайым халық тұрмыстық заттар, қазандармен құмыраларды жасауда балшықты пайдаланғаны көрініп тұр. Бірақ ыдыстары басқа қалалардан табылған артефактілерге (сынықтары, бөлшектері) қарағанда басқашалау (дөрекілеу) болған. Бұл қаланың ҰлыЖібек жолының бойында орналасуы қаланың, елді мекеннің өсуіне әсер еткен. Қала халқының өздері жасайтын құмыраларының жасалу жүйесінің және үлгісінің өзгеруіне басқа елдерден сауда қарым – қатынасы нәтижесінде келген жаңа үлгідегі (жаңа шыңылтыр болып жасалған) құмыралардың келуі болған. Қала дамуының нәтижесінде қала айналасында шаруашылықпен, негізгінен шаруашылығы мал шаруашылығы болған елді мекендер қалыптаса бастады. Бірақ халқының кішігірім бөлігі егіншілікпен де айналысты. Кішігірім елді мекендер арасында өзара айырбас сауда қалыптаса бастады. Олардың айырбас саудада қолданған заттары мал өнімдері, тұрмыстық заттар және әшекей бұйымдар болды. Қала халқының тұрмыс тіршілігі деректерге қарағанда IX-XIII ғасырлар арасында қалыптасып, дамыды [5, 89-90б.].

Қала туралы өз күнделігінде жазып қалдырғандардың бірі – В. Рубрук. В. Рубрук өз сапары барысында XIII ғасырда бұл қаладан өтеді және оның қалдырған мәліметтері бойынша қала қирандиларның орнын қазіргі Қапал мен Арасан маңында болған. Рубруктың күнделіктеріндегі жазбаларына қарағанда, Қаялыққа жақын жерде христиандар селосы болғанын біле аламыз. Сапарын Ақсу өзенінің аңғарынан Лепсі өзенінің бойымен жалғастырған Рубруктің күнделігінде қала туралы тағы да көптеген деректердің болуы, қаланы егжей-тегжейлі зерттегенінің көрінісі [4, 328б.]. Рубрук «Шығыс бағытқа саяхатым» атты естелігінде Қара Қытайлар туратын тауға жеттік те, сол жерден кемемен өтетін өзен жағасынан әлде бір қойнауға жеткенімізде, батпақтан соғылған, егін алқабы бар қираған қамал орнына тап болдық. Сонан соң Парсылардан ұзақ болса да парсы тілінде сөйлейтін саррациндер тұратын Эквус деген әдемі қалаға келдік - деп жазады [6, 150б.]

Зерттеуші В.В. Бартольд Эквус қаласын орнын анықтау мақсатында В.Рубруктің тарихи естеліктерін пайдаланып Эквус қаласының орны Іле өзенінен 30 км қашықтықта

орналасқан Шеңгелді (Чингилді) қаласының қирандылары деген пікірі келтіреді және зерттеуші В.В. Бартольдтің бұл пікірін ғалым А.Н.Бернштамда қолдайды [7, 362 б.]Рубрук жүрген кеме жолдарын зерттеген Шмидтте Рубрук күнделігінде атап өткен жер Верн қаласынан Қапалға дейінгі қазіргі пошта жолымен сәйкес келді; Эквиус қаласы Алтын Емел асуы арасында, мүмкін Шеңгелді (Чингилді) бекетінің жанында болған болуы мүмкін деген тұжырымға келеді [8, 85 б.].

К.М.Байпақов бұл туралы «Великий Шелковый путь на территории Казахстана» еңбегінде осы пікірді білдіреді: «...Ежелгі Эквиус қаласын қазіргі Чингилді қаласы деп айту дұрыс емес сияқты. Өйткені Чингилді – ол кішігірім керуен сарай болған (75x75). Ал В. Рубрук өз күнделігінде үлкен қала деп көрсетеді. Бұл жерде транзиттік сауда шоғырланған парсы көпестерінің колониясы орналастыруы кездейсоқ емес...»[9, 70б.] Дүнгене қаласы көрсетілген деректер бойынша үлкен қала.

А.Н.Бернштам басқарған Жетісу археологиялық экспедициясы бұл қалаға археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу барысында қаладан түсірілген шурфтан әртүрлі кезеңдерді көрсететін 3 мәдени қабат анықталды. Мәдени қабаттардың бір-бірін ауыстырғанын байқауға болады. Зерттеу нәтижесі қаланың IX-X ғасырларда қоныс болғанын, X-XI ғасырда ол қала дәрежесіне көтерілгенін көрсетеді. Қала халқы қолөнер және ауыл шаруашылығымен айналысқанын көруге болады. Екі-Оғыз қаласынан Ұлы Жібек жолы өткен және бұл жол қарлұқтардың астанасы болған Қаялыққа жалғасады[10, 327-328 бб.]

Байпақов өз еңбегінде: Рубруктің сапарын Екі –Оғыз қаласынан солтүстік - шығысқа қарай жалғастырып, Лепсі өзені тарап жол алды-деп жазады. Ол бұл бағытқа екі жолмен жете алды. Біріншісі дала жазығы арқылы өтіп, Қызылағаш, Саға Биен қалашықтармен, Сарқант және Жүнсүгіров (Ақсу) аудандарындағы қалашықтармен деп белгіленген. Екінші жол - қазіргі Қапал мен Арасан ауылдары арқылы өтіп, таулардың етегінен және көптеген тау ағындары бар, ауылдар салған фермерлердің егістік алқаптары арқылы деп көрсетіледі.

Байпақов: Рубрук атап отырған Эквиус қаласы бұл, Екі-Оғыз қаласы болуы мүмкін. Өйткені Рубрук қала атын ағылшыншаға аударып Эквиус деп жазған болуы ықтымал. 12 ғасырдың аяғы - 13 ғасырдың басында Қаялық билеушісі Арслан хан екені белгілі – деп тұжырым жасайды [9, 71 б.]

Зерттеу жұмысымызды Бернштамдың В.Рубруктың мәліметіне жасаған талдау жұмыстарымен жалғастырайық. Бернштам сонымен бірге өз зерттеуінде қаланың ерекшелігінде атап көрсетті. В. Рубрук сипаттаған Эквиус қаласы Қайлықтан бір күндік жол болатынын жазған. Сол уақытпен салыстырсақ почта аттарымен жүрген бір күндік жолды 150 км деп болжаған. Рубрук куәлік еткендей, бұл аймақта(Бату жерінде) ол күн айын Парижден Орлеанғадейінгі қашықтықта жол жүрген, ол шамамен 150 кмге тең. Ибн-Хордарбек пен Кудаидің (IXғ.) мәліметтерінде керуеннің Жоғарғы Барсханнан (Ыстықкөлден) Тоғыз-Оғыз жеріне (Шығыс Түркістан) 15 күнде өтетіндігі және түріктердің үш-ақ поштасы бар екендігі туралы жазылған. Егер біз түйе керуенінің күндізгі сапарына 30 км жүретін болсақ, онда пошта бөлімшесі (ауыстырылатын жылқылармен) $30 \times 15 : 3 =$ күніне 150 км жүреді.

Екі-Оғыз (Эквиус), Илибалық кемелер жүретін Іле арқылы өтетін маңызды өткелдің аумағында тұрды. Шеңгелдінің (Чингилді) қирандыларының Іле алқабының басқа қала қирандыларынан ерекшелігі цитадельдің болуында. Сонымен қатар, қала құрылымының соғды қала құрылысына ұқсастығыменде ерекшеленеді. Тіпті Рубрук бұл жерде соғды сарайының қирағанын көргенін атап өтеді. Бұл моңғол жаулап алу кезінде қалыптасқан Алматыға жақын аудандардың елді мекендерінің бейнесі-деп өз еңбегінде көрсетеді[11, 13-14 бб.]

XI ғасырдың географы М. Қашқаридің өз картасында көрсеткен Іле қалаларының бірі – Екі –Оғызды В. Минорским Рубруктің 1253 жыл сол жерден өткенін ескеріп Эквиус қаласымен сәйкестендіреді.

Армян патшасы Гейтонның жолында (1254-1255) Алмалықтан батысқа қарай, бірақ Іле қаласының солтүстігінде Илан-Балех қаласы туралы айтылады; Бретшнейдер бұл қаланы Или – Бали деп атайды және Қытай деректеріндегі 1329-1331 жылдары Қытай картасына белгіленген Илибали қаласымен салыстырады. Илибали қаласының Рубрук атап көрсеткен Эквиус қаласымен дәл келетіндігін жазады [8, 85 б.]. Бірақ Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. «Қазақстан археологиясы» еңбегінде Іле Алатауының теріскей бетіндегі қалалар деп – Екі-Оғыз, Қаялық, Иланбалық қалаларын атап өтеді. Екі – Оғыз қаласын Эквиус деп көрсетіп, Иланбалық қаласын жеке қала ретінде көрсетеді [10, 323б.] және қаланың қайда орналасқаны нақты анықталмағандығын, бірақ қала XI-XIV ғасырларда өмір сүргенін атап өтеді. Іле өзенінің жағалауына жүргізілген кейінге археологиялық зерттеулер Иланбалық қаласын Жаркентке жақын жердегі Көктал ауылының қасындағы ортағасырлық қалашықтың орнына сай келетіндігін көрсетеді [12, 309 б.]

Екі-Оғыз қаласы бұл атауын Яфынч және Іле өзендерінің арасында орналасқандығы үшін алған деген пікірлер кездеседі. Рубрукта бұл қала есімін латыншаға аударып, «Эквиус» деп келтірген. М. Қашқаридің картасында Яфынч Іленің оңтүстігінде, Екі-Оғыз солтүстігінде орналасқан. Екі – Оғыз қаласының жанында Камландж деп аталған қала болғандығы туралы деректер бар [13, 72б.]

Қортынды. Эквиус қаласын - М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» шығармасында кездесетін Екі-Оғыз қаласы екенін ғалымдар нық сеніммен айтып отыр [14, 70 б.] Бұл туралы А.Е. Есімов редакциялық кеңесте төраға болған «Орта ғасырлардағы Жетісу өлкесінің астаналары» атты кітапта көрсетіп өтеді. Тарихи деректер, түрлі жазбалар және археологиялық экспедициялар нәтижесі Эквиус қаласының ортағасырдағы дамыған қалалардың бірі болғандығын көрсетіп отыр. Мүмкін тарихи құжаттарды тағы да тереңірек талдасақ, тексерсек оданда маңызды мәліметтерге кездеспеуімізге кім кепіл? Мүмкін біз келешек ұрпақ, болашақ тарихшылардың жария етуін күтіп тұрған құнды деректер әліде талай талай бар шығар. Елбасымыздың «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары біз үшін, тарихымызды жаңғырту, ашылмаған парақтарын ашу, жазылмаған деректерді жазу. Еліміздің өркениетін зерттеу және әлемге көрсету. Отырар қаласы сияқты «ашық аспан астындағы музей» ретінде көрсете алатындай қазақ елі өркендеген тарихи қалаларға бай. Қазақ жерінде тек ортағасырда емес, ежелгі заманнан бастап қалалар қалыптаса бастаған. Б.Ғ. Нұғман көрсеткендей егер Эквиус қаласы ғұндардың ірі орындарының бірі болған болса, демек қаланың сан ғасырлық тарихы бар. Ежелгі заманда қалыптасып, орта ғасырда дамыған болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Қуат Баймырзаев «Жетісу жерінің жұмбағы жетерлік» Egemen Qazaqstan №2 (29481) 4 қаңтар жұма 2019ж. 16 б
2. Нұғман Б.Ғ. Ұлы дала өркениеті: Оқ құралы Нұғман Б.Ғ. Шаймұқанов С.Д. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, ҚарМТУ баспасы 2009ж. 91 б
3. Қазақстан тарихы (кене заманнан бүгінгі дейін) Бес томдық 1-том. Алматы Атамұра 2010ж 544 б.
4. Байпақов К.М. Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы, Алматы 2009ж 570 б.
5. Байпақов К. М. Қазақстанның ежелгі қалалары, Алматы, Аруна Ltd. 2007ж. 384б. Қазақстан балалар энциклопедиясы II басылым
6. Жиованни дель Плано Карпини, Гильом де Рубрук Моңғолдардың тарихы. Жиованни дель Плано Карпини; Шығыс бағытқа саяхатым. Гильом де Рубрук. Моңғол тілінен ауд. Ш.Токтамұратұлы, Алматы «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС Мереке баспасы 2012ж 264 б

7. Известия Серия общественных наук 1(268) - Алматы НАН РК январь-февраль 2009 г с 344
8. Бартольд В.В. Сочинения IV том, Москва «Наука» 1966г. с. 497
9. Байпаков К. Великий Шелковый путь (на территории Казахстана), Алматы «Адамар» 2007г. с 496
10. Байпаков К.М. Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы, Алматы 2009ж. 570 б
11. Бернштам А.Н. Прошлое района Алма-Ата. Историка – археологический очерк-издательство Академии наук Казахской ССР, Алма –Ата 1948г. с.1
12. Байпаков К. Қазақстанның ежелгі қалалары, Алматы, Аруна Ltd. 2005ж.316б. Қазақстан балалар энциклопедиясы.
13. Бартольд В.В. Трюки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын 1993ж.192 с
14. Алматы: Мың жылдық тарих 2-бас. Орта ғасырлардағы Жетісу өлкесінің астаналары, Алматы «Средос» 2009ж.320 б

Аннотация. В истории Казахстана очень много актуальных вопросов, требующих изучения. Сколько нераскрытых страниц и неисследованных личностей и исторических мест нашей истории. Земля Казахстана наполнена историческим наследием и историческими достопримечательностями.

Все программы Первого Президента Республики Казахстан -Елбасы "Рухани жаңғыру", "Мәңгілік Ел", "Мәдени мұра" созданы с целью пополнения нашей истории.

В истории Казахстана очень мало сведений в книгах по истории, есть даже личности и исторические города, которые не упоминаются в некоторых учебниках истории. Один из них-город Эквиус. Город Эквиус-историческое наследие, один из самых развитых средневековых городов. Основная цель научной работы-проанализировать историю становления и развития города Эквиус и написать ценные сведения о городе Эквиус. В настоящее время мы опираемся на данные средневековых ученых в ходе исследования. В этом контексте в исследовании города Эквиуса к. Байпаков, Б. Бартольд, А. Н. Бернштам в своих источниках указывали на М. Кашгари, В. Анализирует данные, приведенные в дневниках Рубрука. Также ценные сведения приводятся в работах о китайском городе Эквиус. В китайских отчетах город Эквиус назывался "или-рыба".

Ключевые слова: Эквиус, "Рухани жаңғыру", "Мәңгілік Ел", Или – балик, Ики –Оғуз, село Дунгановка.

Abstract. There are a lot of topical issues in the history of Kazakhstan that need to be studied. How many undiscovered pages and unexplored personalities and historical sites of our history. The land of Kazakhstan is full of historical heritage and historical sights.

All the programs of the first president of the Republic of Kazakhstan - Elbasy "Ruhanizhangyru", "Mangilik El", "Madeni Mura" are designed to complement this history.

In the history of Kazakhstan, there is very little information in history books, and there are even figures and historical cities that are not mentioned in some history textbooks. One of them is the city of Equius. The city of equius is a historical heritage, one of the most developed medieval cities. The main purpose of the scientific work is to analyze the history of the formation and development of the city of Equius and write valuable information about the city of Equius. Currently, we rely on the data of medieval scientists in the course of our research. In this context, K. Baipakov, B. Barthold, A. N. Bernstam in their sources M. Kashgari, V. Analyzes the data provided in rubruk's Diaries. Also, valuable information is given in the works of China about the city of Equius. In Chinese reports, the city of Equius was called "or-fish".

Keywords: Ekwuis, "Ruhani zhangyru", "Mangilik El", ili – Balik, Iki –Oghuz, Dunganovka village.